«Бекітемін»
И.В.Панфилов атындағы
№ 5 мектеп-лицей директоры
_____Дуйсенбаев Б.

2026-2027 оқу жылына арналған ұлттық «Асық ойын» үйірмесінің жылдық жоспары

Үйірме жетекшісі: ***Арыстанбеков Ержігіт***

Халықтың ұлттық асық ойыны көп қырлы, ұлттық мұраның бай қазынасының бірі

.

Бұл дегеніміз *дене тәрбиесінің дамуының ептілік,күш-қайрат түрлерінің қалыптасып жетілуіне әсері мол және игілікті ойындарға баулиды.Ойын көз мергендігіне қол буындарының икемді болуына балалардың дене қимылының еркіндігіне, аяқ,бел,қол буындарының дамуына көп септігін тигізеді.* ***Тәрбиелік мәнінде*** *бірлік пен ынтымақ жолын дамытуда ойынның маңызы зор.*

Ұлттық асық ойынының тақырыбы:

- Жалпы мектеп оқушыларын асық ойынымен шұғылдануларын ұйымдастыру
- Қазіргі заман талабына сай оқушыларды бұқаралық асық ойынына тарту

Асық ойынының мақсаты:

- Халқымыздың асыл қазынасы асық ойынын тереңірек жан жақты игерулеріне мүмкіншілік туғызу
- Оқушыларды асық ойын үйірмесіне тарту
- Мектепішілік, қала және облыс көлемінде өткізілетін сайыстарға мектеп командасын қатыстыру

Ұлттық асық ойынының 2021/2022 оқу жылындағы негізгі міндеттері

- Ұлттық асық ойынының түрлерін жинақтау және оқытудың әдіс тәсілдерін жаңарту арқылы білім сапасын арттыру
- Асық ойынының жаңа технологияларын енгізу,
- Ұжымды ғылыми ізденіске бағыттау , педагогикалық ынтымақтастықты нығайту
- Оқушыларды асық ойын сайыстарына өз беттерінше дайындықтарын шыңдап жарыстарға қатыстыру


«Асық ойын» үйірмесінің жылдық жоспары (аптасына 2 сағат)

№	Тақырып, мазмұны	Сағат саны	Күні, айы
1.	Теориялық білім негіздері. Асық ойынының тәрбиелік маңызы	2	05.09
2.	Асық ату ойын ережелерімен таныстыру. Асықтың түрлерімен таныстыру	2	12.09
3.	Сақа таңдау. Оңқай және солақай сақаларды ұстау әдістері мен асықты иіру әдістерін үйрету	2	19.09
4.	Асықты түрлі бағыттарға шиіру әдістері мен асықты 1 м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	2	26.09
5.	Асықты 1,5 м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	2	03.10
6.	Топтық асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау.	2	
7.	Асықты 2м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	2	
8.	Асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау	2	
9.	Асықты 3-4 м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	2	
10.	Топтық асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау.	2	
11.	Асық ату, «бір табан» ойын әдіс-тәсілдерін үйрету	2	
12.	Асық ату, «үш табан» ойын әдіс-тәсілдерін үйрету	2	
13.	Топтық асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау	2	
14.	Асықты 2м шеңбер ішінен шығару, 3-4 метр жерден шиіріп ату әдіс-тәсілдерін үйрету	2	
15.	Асықты 4м шеңбер ішінен шығару, 3-4 м жерден шиіріп ату әдіс тәсілдерін қалыптастыру	2	
16.	Асықты 4м шеңбер ішінен шығару, 3-4 м жерден шиіріп ату әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
17.	Топтық шеңбер ойыны әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
18.	«Асық ату» командалық топтық ойын тәсілдерін шыңдау	2	
19.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару, әдіс тәсілдерін үйрету	2	
20.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару, әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
21.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару, әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
22.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару. 5м жерден шиеріп ату әдіс тәсілін үйрету	2	
23.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару. 5м жерден шиеріп ату әдіс тәсілін қалыптастыру	2	
24.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару. 5м жерден шиеріп ату әдіс тәсілін шыңдау	2	
25.	Командалық «Бір табан» асық ату ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
26.	Командалық «Үш табан» асық ату ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
27.	Командалық «Бес табан» асық ату ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
28.	Асық ату «Манай» ойын түрін үйрету	2	
29.	Асық ату «Манай» ойын түрін қалыптастыру	2	
30.	Асық ату «Манай» ойын түрін шыңдау	2	
31.	Топтық «Манай» ойыны әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
32.	Командалық «Манай» ойынының әдіс тәсілдерін шыңдау	2	
33.	Командалық «Үш табан» ойын әдіс тәсілдерін қайталау	2	
34.	Командалық «Бес табан» ойын әдіс тәсілдерін қайталау	2	

«Үш табан» ойыны ережесі

Ойынға екі немесе оданда көп ойыншы қатысады. 5-6 ойыншы ойнаған қызықтырақ.Әр ойыншыда көнге тігетін үш(асық санын қалауыңызша өзгерте аласыз, тым көп болмағаны жақсы 3-5 аралығы) асық және бір сақа болуы шарт. Көнге әр ойыншы бір-бір асықтан тігеді.Ойыншылар кезектерін сақаларын күлдіру(басқа аймақтарда басқаша айтылуы мүмкін) арқылы анықталады.Біреуі уысына салған сақаларды шашып жібереді.Кімдікі алшысынан түссе сол бірінші, тәйкесінен тускен екінші кезекте. Егер сақалар олай түспесе қайта шашылады.Ойын реті анықталған соң ойыншылар көндегі асықтарды кезектесіп атады. Көндегі асықты үш табаннан асыра ұшырып жіберген адам ол асықты өзіне алады. Үш табанға жетпесе құлаған жерінде жатқан асықты сол қалпында ата береді.Ойыншыларда бірінші ойынды сызықтан бастағанымен, ойын барысында сақалары түскен жерден атып отырады.Осылайша асықтары таусылып ұтылғанша ойналынады.

Сақаны шиіра ату, сүріп ату, орай ату тәрізді әдістер болады.




Асық ату ойыны <u>«Бес табан» ойынының ережесі</u>

1.1 «Бес табан» ойыны <u>R3 (ø300см)</u> шеңберде ойналады, шеңбердің ,ату сызығының , көн сызығының ені <u>(2-3см</u>) болуы тиіс,шеңбердің екі жағындағы ату сызық (асық тігілген көнен қашықтығы) <u>3</u> метр оңға және солға сызылады. -Шеңбердің сыртқы негізгі қима кіші сызық ұзындығы15см және 45_C градус белгі сызығы болуы тиіс. ортасына көн сызығы <u>(115см)</u> сызылады және оған екі жағынан паралелль сызық <u>(15см)</u> түседі және <u>13</u> асық тігіледі, бірінші болып <u>7</u> асықты атып алған команда немесе ойыншы жеңімпаз атанады.

- Әр команда үш ойыншыдан тұрады. ***<u>1-сақа, 2-сақа, 3-сақа</u>***

1.2 Ату кезеңін <u>төреші</u> сақаларды иіру арқылы анықтайды және жалпы ойын кезеңдерінде таза <u>15 минутта</u> уақыт тоқтайды, тең есеп тіркелген жағдайда қосымша 3 минут беріледі. Ойын 2 жеңіске дейін жалғасады.Ойынға қатысушылар ату сызығынан <u>(115см)</u> кезек бойынша шеңбердің ішіндегі көндегі асықтарды атады. Мұнда көнге тігілген кеней асықтардың арасы бір сақа тең болуы шарт және кенейлер алшысы жағынан бүк , шік болып тігіледі.

1.3 Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер асықты сызықтан шығарып алса ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің <u>R3</u> сыртынан яғни белгіленген ортадағы сызықтан көндегі кеней асықтарды атуға рұхсат береді, атқан асығы шеңберден шықса ,ойын ары жалғасын табады, шығара алмаса кезек ату сызығынан қарсылас ойыншыға беріледі.



Асық ату үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі

Р/с	Аты-жөні	сыныбы
1	Ансеров Аманда	9 "В"
2	Өміржан Мухамедзян	5 "Д"
3	Самиков Ади	8 "Д"
4	Асхат Әділжан	7 "А"
5	Қожабай Ақан	9 "А"
6	Канапбаев Әмірлан	8 "Д"
7	Бақтыбек Арсен	5 "Д"
8	Бақтығалиұлы Тамерлан	5 "Д"
9	Имиков Фуркад	5 "Д"
10		
11		
12		
13		
14		
15		
16		
17		
18		
19		
20		
21		
22		